

Жаңа кітап жарық көрді



С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Сүлеймен Баязитовтің «Ақбалық хазірет» атты жыр жинағының тұсаукесер рәсімі өтті.

ашып көрсететін жырлары енгізілген. Сондай-ақ «Әбраханың Қағбаға жорығы» атты көлемді туындысы да кітаптан орын алған.

- Жалпы, дін тақырыбында шығарма жазу - қиынның қиыны. Екінші бірінің батылы барып, дінге қатысты көркем туындыларды жаза бермейтіндігі де сондықтан. Сүлеймен ағамыз өзінен кейінгі буынға жөн сілтеп, жастарға жол ашып отыр. Бұл - құптарлық іс. Ислам дінінде түйсіне білген адамға рух тазалығы жатыр. Оны көпшілікке насихаттай алсақ, бұдан асқан бақыт бар ма? - дейді Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Арман Қани.

Шара барысында өңірдегі «Қазақ тілі» қоғамының мүшесі, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы, кітап авторының сыныптасы Балтабай Сыздықов замандасының бала кездегі қыр-сырына тоқталып өтті. Ал белгілі ғалым, филология ғылымының докторы Айтмұхамбет Тұрышев Ақбалық хазіреттің қазақтың белгілі тұлғаларымен

байланысын, соның ішінде Абай Құнанбаевпен жақын араласқанын тарихи деректерді келтіре отырып әңгімелеп берді. Айта кетерлігі, кітаптың жарыққа шығуына дін жолында жүрген ақ жаулықты аналарымыз демеушілік жасаған екен. Ғибратты іс тындырған Бәйран Айдарханқызы, Ғайниден Қабдуқызы, Дәмет Айдарханқызы секілді қажылар мен еңбек ардагері Роза Шәкеноваға қаламгер Сүлеймен Баязитов алғыс айтты. Айтпақшы, биыл аталған кітап иесі 75 жасқа толады. Кеш барысында ақын өзінің Ертіс-Баян өңіріне белгілі азаматтар туралы жазған туындылары мен балалар әдебиетіне арнаған 2 томдық шығармалар жинағының баспадан шықпай жатқанын да айтып өтті. Қаламгердің мерейтойы қарсаңында шаң басып қалған соны дүниелер жұртқа жария болуына тілекшіміз.



Алпысбай ХОНЖ

Әдеби шараға жергілікті зиялы қауым өкілдері, кітап авторының үзеңгілес достары мен кітапхана ұжымының қызметкерлері қатысты. Арқа өңіріне аты шығып, өулиелігімен алты Алашқа танылған Ақбалық хазірет - әлі күнге зерттеліп, зерделенбей келе жатқан тұлғалардың бірі. Жаңа кітапқа ақынның әр жылдарда діни тақырыптарда жазған өлеңдері, хазіреттің қасиеттерін